ЖАСАМПАЗ ҰЛТТЫҢ ҰТЫМДЫ ШЕШІМДЕРІ

SmartNation

BALABAQSHA

# Балабақша үшін ваучер алуға кезекке қалай өтініш береді

# Басты бет




Басты бетте келесі ақпараттар бар:

- ваучер алуға кезектер,
- мектепке дейінгі ұйымдардың каталогы,
- статистика,
- басқа ата-аналардың пікірлері.

Сайттың оң жақ жоғарғы бөлігінде геолокация мен тілді өзгерте аласыз.
Порталға тіркелу үшін **“Тіркелу”** батырмасын шертіңіз.
Егер сіздің тіркеулік жазбаңыз бар болса, онда **“Кіру”** батырмасын басыңыз.

# Тіркелген пайдаланушылар

Егер порталда сіздің тіркеулік жазбаңыз бар болса, келесі қадамдарды орындаңыз:

- Басты беттің оң жақ жоғарғы бұрышындағы **“Кіру”** батырмасын шертіңіз.
- Өз логиныңыз бен құпия сөзіңізді енгізіңіз.
- **“Жүйеге кіру”** батырмасын шертіңіз.

Егер құпия сөзіңізді ұмытып қалсаңыз:

- **“Құпия сөзді ұмыттыңыз ба?!** батырмасын шертіңіз.
- Телефон нөмірін енгізіңіз.
- **“Жіберу”** батырмасын басыңыз.
- Сіздің телефон нөміріңізге келетін кодты енгізіңіз
- Жаңа құпия сөз ойлап табыңыз және оны қайталаңыз.
- **“Жіберу”** батырмасын басыңыз.



# Тіркелу

Тіркелу үшін келесі қадамдарды орындаңыз:

- Басты беттің оң жақ жоғарғы бұрышындағы **"Тіркелу"** батырмасын басыңыз.

Тіркеу бетінде:

- Телефон нөміріңізді енгізіңіз.
- Деректер саясатымен танысып шығыңыз және "Мен таныстым және пайдаланушылардың деректер саясатын қабылдаймын" өрісіне құсбелгі қойыңыз.
- **"Кодты сұрау"** батырмасын басыңыз.
- Сәйкес өріске телефон нөміріңізге келген кодты енгізіңіз.
- **“Жіберу”** батырмасын шертіңіз.



# Тіркелу

Тіркелуді жалғастырыңыз:

- Бірінші өріске құпия сөз ойлап тауып, енгізіңіз.
- Екінші өріске құпия сөзді қайта енгізіңіз.
- **"Сақтау"** батырмасын басыңыз.
- Өтініш берушінің (ата-анасының немесе заңды өкілінің) ЖСН енгізіңіз.
- ЖСН енгізілгеннен кейін жүйе өтініш берушінің тіркеу мәліметтерін көрсетеді.
- **“Жіберу”** батырмасын басыңыз.

Жүйе сіздің деректеріңізді сақтайды.
Жеке кабинетке кіру үшін оң жақ жоғарғы бұрыштағы **"Кіру"** батырмасын пайдаланыңыз.






# Баланы қосу




Баланы қосу үшін:

- Мәзірде **"Менің балаларым"** бөліміне өтіңіз.
- **"Баланы қосу"** батырмасын шертіңіз.
- Пайда болған өріске баланың ЖСН енгізіңіз.
- **"ЖСН тексеру"** батырмасын басыңыз.
- Деректерді тексеріңіз.
- Егер барлығы дұрыс болса, **“Сақтау”** батырмасын басыңыз.

# Өтініш жіберу

Өтініш беру үшін өтініш беруші мен баланың барлық деректері толтырылғанына көз жеткізіңіз:

- Мәзірде **"Ваучерге өтініштер"** бөліміне өтіңіз.
- **"Өтініш қосу"** батырмасын басыңыз.
- Қажет баланы таңдаңыз (Егер сіз әлі баланы қоспаған болсаңыз, **"Баланы қосу"** батырмасын басыңыз).
- Облыс, аудан және елді-мекенді толтырыңыз.
- Қалаған оқу тілін таңдаңыз..
- Жеңілдік болған жағдайда оны тізімнен таңдаңыз және растайтын құжаттарды тіркеңіз.
- Шарттармен танысыңыз және мәліметтерді пайдалануға келісімді растаңыз.
- **"Келесі"** батырмасын басыңыз.






# Ваучерге өтініш

Кезекке өтініш жіберген соң хабарлама күтіңіз.

Сіз кезектегі нөміріңізді және қосымша ақпаратты **“Ваучерге өтініш”** бөлімінен бақылай аласыз.

Сіздің өтінішіңіздің мәртебесінде **"Ваучердің берілуін күтіңіз"**, сондай-ақ Ваучер кезегіндегі санатыңыз көрсетіледі.






inCRAFT

# SmartNation

ЖАСАМПАЗ ҰЛТТЫҢ ҰТЫМДЫ ШЕШІМДЕРІ

## Назарларыңызға рахмет!

Байланыс-орталығы:
8 (727) 339-72-22
8 (747) 339-72-22 (WhatsApp)

BALABAQSHA